

БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ЖАСТАН ДАМУ — МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ

Еліміздің қазіргі кезеңдегі білім беру саясаты, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуіне байланысты, ең алдымен мектепке дейінгі білім беру жүйесіне бала қабілетін ашатын алғашқы саты ретінде жоғары талаптар қояды және балалардың ерте дамуы мен оқу дағдысын дамытатын бағдарламаларды енгізуді көздейді. Бұдан еліміздің зияткерлік әлеуетінің болашағы балаларға мектепке дейінгі сатыда сапалы білім беру мен ерте жастағы балалардың қабілеттерін дамытудың қоғамдағы алар орнының маңыздылығын байқаймыз.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында: «Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керек, ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады», — дей келе, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамытуға баса назар аударады.

Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да мектепке дейінгі ұйымдардың білім сапасын арттыру басты міндеттердің бірі ретінде көрсетілген.

Облыста Мемлекет басшысының балабақшаларда білім сапасын көтеруге, жаңартылған білім беру мазмұнына көшуге байланысты берілген тапсырмаларын орындау мақсатында кешенді жұмыстар



Рахима ЖАМАНСАРИНА

жүйелі түрде орындалып жатыр. Оның ішінде баланың дамуында мектепке дейінгі кезеңнің маңыздылығы ескеріліп, облыстағы мектепке дейінгі ұйымдар желісін арттыруға жағдай жасалуда.

Мектепке дейінгі ұйымдар желісі жеке меншік секторды дамыту, жаңа объектілерді енгізу, шағын орталықтарды мектепке дейінгі ұйымға қайта құру есебінен кеңейтілді.

Ақтөбе облысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі контингенті 48 525 баланы құрайтын 527 мектепке дейінгі ұйым жүзеге асырады. Оның ішінде 42 540 баланы қамтитын 351 балабақша, 5985 бала тәрбиеленетін 176 шағын орталық бар. Сонымен қатар 14 041 бала тәрбиеленетін 118 жекеменшік балабақша қызмет жасайды.

Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен толық қамту мақсатында жеке балабақшалар мемлекеттік тапсырыс негізінде жұмыс жасайды.



Мемлекеттік тапсырысты орналас-
тыру мектепке дейінгі білім берудің
жеке секторын дамытуға үлкен әсерін
тигізді. Яғни, мектепке дейінгі білім
беру саласына бизнесті тарту бойын-
ша жұмыстар белсенді жүргізілуде.
2018 жылы ашылған 36 мектепке
дейінгі ұйымның 32-сі немесе 89 пайы-
зы жеке сектордың ықпалымен
жүзеге асырылды. Жеке мектепке
дейінгі ұйымдардағы орын үлесі
жалпы ұсынылған орындардың жал-
пы санының 28,9 пайызын құрайды.
Бұл да балаларды балабақшамен
қамту көрсеткішінің артуына септігін
тигізуде. Бүгінгі күні мектеп жасы-
на дейінгі 13909 бала мемлекеттік
тапсырыс есебімен жекеменшік
балабақшаларға барып жүр.

Қазіргі таңда 3-6 жас аралығындағы
балаларды балабақшамен қамту
көрсеткіші — 98,4 пайыз.

Мектепке дейінгі ұйымдарды
енгізудің қадамдық жоспарына
сәйкес, 2019 жылы 5210 орындық
37 мектепке дейінгі ұйым, оның
ішінде Ақтөбе қаласында 3540
орындық 25 мектепке дейінгі ұйым
ашу жоспарлануда. Нәтижесінде
келер жылы облыс бойынша 3 жастан
6 жасқа дейінгі балаларды қамту
100 пайызға жеткізіледі деп күтілуде.

Биылдан бастап балабақшаларға
өтініш беруді және кезекке тұруды
автоматтандыру жүйесі енгізілді.

Цифрландыруға көшуге бай-
ланысты Ақтөбе қаласында
және аудан орталықтарында
«Мектепке дейінгі балалар
ұйымдарында кезектілікті
қалыптастыру, оның қызметі
және жолдамаларды беру
процесін автоматтандыру»
пилоттық жобасы қолға алын-
ды. Осы бағытта жалпы 351
балабақшаның 180-і (51,3%)
электронды ақпараттық
жүйесіне енгізілді. Осы
жүйенің нәтижесінде ата-ана-
лар үйден шықпай-ақ, баласын
балабақшаға орналастыру үшін
көп шаруаны интернет желісі
арқылы тындыра алады.

Облыстағы 29 мектепке дейінгі
ұйымның базасында әртүрлі бағытта
эксперименталды алаңдар жұмыс
жасайды. Сондай-ақ үш тілде білім
беру жүйесі балабақшаларға да



енгізілді. 189 мектепке дейінгі ұйымда 14 390 бала ағылшын тілінде білім алады.

Қазіргі таңда еліміздегі ауқымды өзгерістердің өзегі — қоғамдық сананы жедел жетілдіретін «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық жобасы. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы Ақтөбе облысының дамуына серпін беріп, қоғам талабымен үйлесім тапты деп сеніммен айтуға болады. Соның ішінде осы бағдарлама аясында облыста қолға алынған ауқымды, бірегей «Бақытты бала» жобасы шеңберінде Ақтөбеде алғаш рет мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған облыстық түзету балабақшасы ашылды.

Облыста мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдаудың өзгеше механизмі қалыптасқан. Кедергісіз білім беруде тапқан оң шешімдер «Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуы керек» деген тапсырманың тиянақты орындалуының көрінісі.

Балалардың даму деңгейін бағалау — мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасының маңызды көздерінің бірі. 5-6 жастағы **23 142** тәрбиеленушінің **17 634-нің (76%)** дағдысы мен машығы жоғары және орта деңгейде.

Білім сапасын жақсартудың тағы бір мәселесі — білікті кадрды қалыптастыру. Мектепке дейінгі ұйымдарда 3259 педагог қызмет жасайды. Биыл 49 педагог жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтті.



Облыста мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың кадрлық құрамының оң динамикасы байқалады. Егер 2016 жылы тәрбиешілердің 53,9 пайызының ғана мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы бойынша кәсіби білімі болса, 2018 жылы бұл көрсеткіш 67,3 пайызға жетті.

Педагог кадрлардың кәсіби байқаулардағы жетістері де көңіл қуантарлық. Республикалық "Ханталапай" байқауында Шалқар ауданының "Қарлығаш" балабақшасы II орын алса, "Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарының үздік тәрбиешісі" байқауының республикалық кезеңінде Мәртөк ауданы № 1 "Тополек" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Юлия Александровна Ще-

велева "Жаңашыл Педагог" номинациясын иеленді.

Біздің негізгі міндетіміз — аймақтағы балалардың барлығын толық балабақшамен қамту. Сонымен қатар мектепке дейінгі мекемелердің оқыту, тәрбиелу әдістеріне де көп көңіл бөліп келеміз. Олардың материалдық-техникалық базасын нығайту үшін де біршама жұмыстар атқарылды.

Балабақша — барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы. Сондықтан да облыстың білім беру саласындағы басым бағыт ретінде мектепке дейінгі білім және тәрбиемен қамтуды нәтижелі жүзеге асыру өз жалғасын табатын болады.

Гүлназ СҮЛЕЙМЕНОВА,
Ақтөбе облысының білім басқармасы басшысының орынбасары

Рахима ЖАМАНСАРИНА,
Ақтөбе облысының білім басқармасының мектепке дейінгі және жалпы білім беру бөлімінің бас маманы



АННОТАЦИЯ ○

Трехязычие, разностороннее творческое развитие прививается детям уже на уровне дошкольной подготовки. О том, какая работа проводится в дошкольных детских учреждениях региона, рассказывают авторы статьи Гульназ Сүлейменова и Рахима Жамансарина.